

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда N 440 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 440 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 6 басылымдарында 1997 жылғы 10-15 ақпанда жарияланған)...

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. Қаулының мәтіні өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының барлық екінші деңгейдегі банктерінің халықаралық стандарттарға орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ереженің жаңа редакциясы бекітілсін және 1996 жылдың 1 желтоқсанынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ереженің жаңа редакциясы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 17 мамырдағы N 115 Қаулысының және Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы N 340 ереженің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қабылданғанға дейін қайта капиталдандыру мен қызмет жақсарту жоспары бекітілген банктерге осы Ереженің 5.6 және 10-тармақтарының талаптарына сәйкес жоспарға толықтыруларды міндетті түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне 1997 жылғы 1 ақпанға дейін тапсыратын болсын.

4. Банктік қадағалау департаменті (Б.Қ.Жауғаштина) осы Қаулыны және Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ереженің жаңа редакциясын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас) басқармаларына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 292 Қаулысымен Бекітілген

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы

Ереже

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 31 наурыздағы N 89 (тіркеу N 469) және 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 135 (тіркеу N 492) қаулыларымен енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен қоса)

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда және ережелердің мәтіні бойынша "осы Ереже", "осы Ережені", "осы Ереженің", "осы Ережеге" және "осы Ережедегі" деген сөздер тиісінше "осы Ережелер", "осы Ережелерді", "осы Ережелердің", "осы Ережелерге" және "осы Ережелердегі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 339 қаулысымен

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "жетуге", "қол жеткізу", "халықаралық

стандарттарға сай болуға қол жеткізу" деген сөздер тиісінше "орындаудың", "орындау", "халықаралық стандарттарды орындау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

1. Осы Ережелерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - "Ұлттық Банк" деп аталады) Қазақстан Республикасы банк жүйесінің тұрақтылығының нығайтылуы мен өсуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі "банктер" деп аталады) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген және халықаралық банк практикасында қабылданған стандарттарға (бұдан әрі - "халықаралық стандарттар" деп аталады) негізделген стандарттарға жетуі мақсатында жасалды .

Осы Ережелердің мақсаты осы Ережеде анықталған мерзімдерде халықаралық стандарттарға банктердің мынадай салаларының өтуін қамтамасыз ету болып табылады :

капитал жеткіліктілігі;
активтердің сапасы;
менеджменттің деңгейі;
бухгалтерлік есеп;
ақпараттар енгізу мен беру;
тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен , 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен ; 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

2. Осы Ережелердің талаптары мемлекеттік банктерге, мемлекетаралық банктерге, сондай-ақ егер резидент емес басты банктің тізбесін Ұлттық Банктің Басқармасы бекітетін кез-келген рейтинг агенттігінің "А" категориясынан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингі болған жағдайда ғана еншілес банктерге қолданылмайды .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен ; өзгертілді - 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен .

3. Қызметі халықаралық стандарттарға сай келмейтін банктер Ұлттық Банкке қайта капиталдандыру мен қызметін жақсарту жоспарларын (бұдан әрі - "іс-шаралар жоспары") берілуі тиіс .

Жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес банк халықаралық стандарттарды орындаудың мерзіміне қарай, бірінші немесе екінші топқа жатады:

бірінші топтағы банктер (бұдан әрі - 1-топ деп аталады) 1998 жылдың соңына

дейін халықаралық стандарттарды орындауы тиіс;
екінші топтағы банктер (бұдан әрі - 2-топ деп аталады) 2000 жылдың соңына дейін халықаралық стандарттарды орындауы тиіс.

1-топқа іс-шаралар жоспарын беретін сәтке дейін Ұлттық Банктің қолданылып жүрген заңдарын немесе құқықтық актілерін бұзуға жол берген және түзетпеген, сондай-ақ өздерінің басшы қызметкерлерінің кандидатураларын Ұлттық Банкпен келіспеген банктер жатпайды.

Осы ереженің талаптары қолданылмайтын банктерден басқа, аталған топтардың ешқайсысына кірмеген банктер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде қайта құрылуға не таратылуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен , 2000.11.09. N 338 қаулысымен , 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен , 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

4. 2-топқа жатқызылған банк 1-топқа жатқызу үшін қажетті шарттарға қол жеткізген жағдайда және өздерінің қабылдаған міндеттемелерін бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес орындағанда Ұлттық Банкке өзін 1-топқа жатқызу туралы 1998 жылғы 15 желтоқсанға дейін өтініш бере алады. Өтінішпен бірге бекітілген жоспарға сәйкес банктің іс-шараларды орындағаны туралы есебі, банктің 1-топқа өту мүмкіндігінің негіздемесі және барынша жетілдірілген іс-шаралар жоспары берілуі тиіс.

Ұлттық Банк 1-топқа жатқызылған банкті олардың өздеріне қабылдаған міндеттемелерін бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес орындамаған жағдайда немесе банктің өтініші бойынша 2-топқа жатқызуы мүмкін.

1 немесе 2-топқа енгізілген банк өзіне белгіленген халықаралық стандарттарды орындау мерзімі өтісімен және осы Ережелердің талаптарын орындағаннан кейін, сондай-ақ іс-шаралар жоспарын орындағаннан кейін Ұлттық Банк белгілеген тәуелсіз аудиторлық ұйымдар тізбесінің ішіндегі біреуінің қорытындысын алуға тиіс.

Мұндай қорытындыда банктің осы Ережелердің 8-тармағының 1)-11) тармақшаларындағы талаптарды (шарттарды) орындау бағасы (растауы) іс-шаралар жоспары болуға тиіс және банк Ұлттық Банк белгілеген мерзімде оған беретін болады.

2-топқа енгізілген банк осы Ережелердегі талаптарды (шарттарды) және/немесе іс-шаралар жоспарын мерзімінен бұрын орындаған жағдайда, аудиторлық ұйымның қорытындысын алғаннан кейін ол оны Ұлттық Банкке ұсынуға құқылы

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді және толықтырылды- ҚР Ұлттық Банкі

басқармасының 1998.12.31. N 339 қаулысымен , 2001.03.31. N 77 қаулысымен , 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысымен , 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

5. Іс-шаралар жоспары банк қызметінің барлық бағыттарын қамтуға тиіс және міндетті түрде пруденциалдық нормативтер және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттер бойынша белгіленген талаптарға орындау жолдарын, оқу жоспарымен қоса қызметкерлермен жұмыс жүргізу саясатын, қаржы институты ретінде банктің даму перспективасын, жаңа банктік қызметті игеруді, активтер мен пассивтерді, филиалдарды, банк қызметінің тәуекелдерін басқарумен қоса банктің басқару және экономикалық саясатын жетілдіру жоспарларын, кредит және депозит саясатын, ішкі бақылаудың бірдей жүйесін енгізу кезеңін, бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарына көшуді және ақпарат енгізу мен беру бойынша ең төменгі стандарттарға қол жеткізуді көрсетуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04 . N 411 қаулысымен , жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 339 қаулысымен .

6. Іс-шаралар жоспарында жаңа есеп жоспарына негізделген қаржылық есеп беруге сәйкес банктің ағымдағы қаржылық жағдайы барынша нақты көрсетілуі т и і с .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04 . N 411 қаулысымен .

7. Іс-шаралар жоспарында осы Халықаралық стандарттар ережесінде белгіленген қол жеткізудің кезеңдері мен нақты мерзімдері, оның ішінде осы ереженің 10-тармағындағы шарттарды ескере отырып Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерде белгіленген пруденциалдық нормативтер көрсетілуі т и і с .

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен .

8. Іс-шаралар жоспарында банктердің мынадай халықаралық стандарттарды орындауы көрсетілуі тиіс:

1) Банктер жыл сайын бухгалтерлік есеп саясатын қайта қарауға және қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарына негізделіп жасалған бухгалтерлік жазбалардың жүргізілу тәртібін сипаттауға тиіс.

2) Капиталдың бірдейлігі

Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері мынадай ең аз мәннен төмен болмауы керек:

- I деңгейдегі өз капиталының активтерге қатынасы - 0,06-дан кем емес;
- өз капиталының тәуекелді ескере отырып есептелген активтерге қатынасы -

0, 1 2 - д е н к е м е м е с .

Банктің өз капиталының мөлшері 1 миллиард теңгеден төмен болмау керек.

3) Ө т і м д і л і к

Банк Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өтімділік бойынша талаптарды орындауға тиіс.

Банктің Ұлттық Банк пен басқа банктерге беретін кешіктірілген қарыздары және клиенттерге уақытында төленбеген төлем құжаттары болмауы керек.

4) А к т и в т е р д і ң ж і к т е л у і

Банктер активтердің жіктелуі мен шартты міндеттемелерді Ұлттық Банк белгілеген тәртіпке сәйкес қолдануға және қажетті провизиялар қалыптастыруға т и і с .

5) А к т и в т е р д і ң ә р т ү р л і л і г і

Активтер орналастыру мен шартты талаптар беруді ақшаның және/немесе кірістің ықтимал шығыны тәуекелін төмендету мақсатында салымдардың әртүрлі объектілері арасында жүзеге асыру қажет.

Банктер банк алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша бір заемшының жиынтық қарыздарының мөлшерін, сондай-ақ мерзімді депозиттерінің және банктің өз капиталының 25%-нен аспайтын сомада бір банкке берген кредиттері мен кепілдерінің мөлшерін шектеуге тиіс.

6) Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалармен операциялар жүргізу
Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалардың пруденциалдық нормативтер туралы қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленген міндеттемелерінің жиынтық көлемі банктің өз капиталының 10%-нен аспауы керек, оның үстіне банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға берілген барлық жиынтық қарыздар сомасы банктің өз капиталының мөлшерінен аспауы тиіс. Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалардың осы банкке қатысы бар болып табылатын депозиттер мен бір банкке берген кредиттерінің және кепілдерінің көлемі осы банктің өз капиталының 10%-нен аспауы керек.

7) А қ п а р а т т а р д ы е н г і з у ж ә н е б е р у б о й ы н ш а с т а н д а р т т а р

Ақпараттар енгізген кездегі қатаң бақылау, бэк және фронт-офистерді бөлу, коммуникация желілері бойынша мәліметтерді берген кезде ақпараттарды қорғау , мәліметтер базасының ақпараттарын қорғау (кем дегенде C-2 деңгейі).

C-2 деңгейі: "Басқаруға болатын рұқсат" дегеніміз мынадай талаптарды сақтау болып табылады: рұқсат субъектін бірегей идентификациялау (жүйенің кез келген пайдаланушысының бірегей аты болуы керек), өздігінен қорғау (" рұқсат берілмегеннің бәріне тыйым салынған" деген қағида бойынша пайдаланушыларға өкілеттік белгілеу) және оқиғаларды тіркеу (жүйенің қауіпсіздігіне байланысты оқиғалар белгіленуге тиісті жүйелік журнал жүргізу: жүйеге кіру пайдаланушының аты, жүйенің пайдаланылу уақыты; журнал

жүргізу рұқсаты жүйенің басқарушысына ғана берілген).

8) І ш к і а у д и т

Банктер қызметкерлердің банк заңдарын және кәсіптік стандарттарды сақтауына бақылау ұйымдастыру жолымен банктің, оның кредиторлары мен клиенттерінің заңды мүддесін қорғауды тиімді қамтамасыз ететін ішкі аудит жүйесін енгізуге, банк жүргізетін операциялардың сипаты мен көлеміне сәйкес сенімділіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге және банк қызметінің тәуекелдерін барынша төмендетуге тиіс.

9) М е н е д ж м е н т д е ण г е й і

Банктердің банк қызметінің тәуекелдерін барынша төмендету мақсатында банктің ақша тарту және орналастыру тәртібін, іс-жосығын және шарттарын реттейтін бекітілген құжаттары (саясаты) болуға тиіс, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдардың талаптарын бұзбайтын, соған бара-бар басқару шешімдерін қ а б ы л д а у ғ а т и і с .

10) Банктер Қазақстанның бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкес еншілес және тәуелді ұйымдарды ескере отырып шоғырландырылған негізде бухгалтерлік есеп жүргізуді, әзірлеуді және ұсынуды қамтамасыз етуге т и і с .

11) Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу

Банктің банк операцияларын жүргізуге байланысты тәуекелдерді бағалау, өлшеу, бақылау және мониторингі бойынша рәсімдері болуы тиіс.

Осы рәсімдер Ұлттық Банктің ұсынымдарын ескере отырып, халықаралық тәжірибеде қабылданған тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға с ә й к е с б о л у ы т и і с .

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен , 1998.12.31. N 339 қаулысымен , 2000.11.09. N 338 қаулысымен , 2001.12.20. N 567 қаулысымен .

9. Іс-шаралар жоспарын Ұлттық Банк осы Ережелерге сәйкестендіре отырып бекітеді немесе бекітуден бас тартады. Іс-шаралар жоспарын Банктік қадағалау департаментінің ұсынысы бойынша Ұлттық Банк Басқармасы бекітеді.

Осы Ереженің 8-тармағы 11) тармақшасының нормасы Ұлттық Банк Басқармасының Іс-шаралар жоспарын қайта бекітуін талап етпейді.

Ескерту: 9-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы N 31 қаңтардағы N 25 қаулысымен .

10. 1-топтағы банктер 1998 жылдың соңында, 2-топтағы банктер 2000 жылдың соңында көрсетілген халықаралық стандарттарға толық сәйкес келуі мақсатында кезең-кезеңімен қол жеткізуін қамтамасыз етуі тиіс. Белгіленген халықаралық стандарттарға банктердің кезең-кезеңімен қол жеткізу кестесі және банктердің өздері анықтаған жеке ай сайынғы бақылау көрсеткіштері Ұлттық

Банк бекіткен іс-шаралар жоспарына қосылады.

Банк алдындағы міндеттемелердің барлық түрлерінің жиынтық көлемі бойынша бір клиентке (өзара байланысты клиенттер тобына) тәуекелдің жоғары мөлшеріне қатысты, к1 және к2 - өз капиталының ең төменгі коэффициентінің жеткіліктілігі бойынша к3 - өз капиталына шекті кезең-кезеңді мерзімдері мен жеке бақылау мәні, және өз капиталына кредиттер мен кепілдер бойынша, сондай-ақ банктің өз капиталының мөлшері бойынша (СК - мұнда шартты түрде белгіленген) банкпен ерекше қарым-қатынастағы бір клиентке тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің қатынасы мынадай болуы тиіс:

1 топ

	31.12.1996	31.12.1997	31.12.1998	
к 1	0,04		0,05	0,06
к 2	0,08		0,10	0,12
к 3	0,50		0,40	0,25
К ос	0,25	0,20	0,10	

2 топ

	31.12.1996	31.12.1997	31.12.1998	31.12.1999	31.12.2000
к 1		0,04	0,05	0,05	0,06
к 2	0,4	0,08	0,10	0,11	0,12
к 3		0,50	0,40	0,30	0,25
К ос	0,25	0,20	0,15	0,10	

1-топ

СК	31.06.1998.	31.12.1998.
	500 млн.	1 млрд.
	теңге	теңге

2-топ

СК	31.06.1998	31.12.1998	31.06.1999	31.12.1999	31.06.2000	31.12.2000
	100 млн.	200 млн.	350 млн.	500 млн.	750 млн.	1 млрд. теңге
	теңге	теңге	теңге	теңге	теңге	теңге

Осы Ережеде белгіленген банктің меншікті капиталының мөлшері жөніндегі талаптарды орындамаған 2-топтағы банктер қолданылып жүрген заңдардың нормаларына сәйкес қайта құрылуға не таратылуға тиіс.

2-топтағы банктер үшін осы тармақта белгіленген банктің меншікті капиталының мөлшері жөніндегі талаптар меншікті капиталы ең аз талаптарға сәйкес келетін аймақтық (Астана және Алматы қалаларынан тыс жерлерге орналасқан) банктерге қолданылмайды. Аймақтық банктердің меншікті капиталының ең аз мөлшері 500 млн. теңгеден кем болмауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен , 1998.12.31. N 339 қаулысымен , 1999.10.07. N 316 қаулысымен , 2000.11.09. N 338 қаулысымен .

10-1. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1999.10.07. N 316 қаулысымен , Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.03.31. N 77 қаулысымен .

11. 1-топқа енгізілген банктер ғана, сондай-ақ мемлекетаралық банктерден басқа осы Ереженің талаптары қолданылмайтын банктер Ұлттық Банк белгілеген өкілеттіктер шегінде мынадай банк операцияларын, сондай-ақ қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы :

1) сенім (траст) операцияларын: сенім білдірушінің мүддесі мен тапсырмасы бойынша ақша жұмсауға ;

2) банктің өз капиталынан аспайтын көлемде жеке тұлғалардан депозиттер қабылдауға ;

3) төлем карточкаларын шығаруға ;

4) банктердің сеніп тапсырған акциялар пакетін және заңды тұлғалардың жарғылық капиталдағы қатысу үлесін (қатысушылардың салымын) басқаруға ;

5) қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және клирингтік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Егер банктің лицензиясында жоғарыда аталған банк операцияларын және қызмет түрлерін орындау құқығы көзделмеген болса, банк тиісті лицензия немесе келісім беру туралы белгіленген тәртіппен Ұлттық Банкке өтініш жасауға құқылы .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.04. N 411 қаулысымен , өзгертілді - 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 470 қаулысымен , 2000.11.09. N 338 қаулысымен .

12. Осы Ереженің талаптары банктер қызметінің барлық кезеңі ішінде олардың сақтауы үшін міндетті. Банктің осы Ережелердегі талаптарға сай келмеуі, оның ішінде іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде бермеуі немесе осы Ережелердегі талаптарға сай келмейтін іс-шаралардың жоспарын беруі, іс-шаралар жоспарында бекітілгенге сәйкес банктің өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамауы, Ұлттық Банктің қолданылып жүрген банк заңдарында қарастырылған шаралар қолдануына, тіпті банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияны шектеуге немесе оның күшін жоюына негіз болып табылады. Ұлттық Банктің банктің іс-шаралар жоспарын бекітуі оның қолданылып жүрген банк заңдарында қарастырылған шара қолдану құқын шектемейді .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 10 қазандағы N 407 қаулысымен .

13. Егер банктің іс-шаралар жоспарын Ұлттық Банк оның осы Ережелер талаптарына сай келмеуі немесе жоспардың банкке берілмеуі себепті 15.12.1997 ж. дейінгі мерзімде бекітпесе, Ұлттық Банктің банк операцияларын жүргізу үшін банкке берген лицензиясының күшін жоюға құқылы. Іс шаралар жоспарын берудің соңғы мерзімі не оған өзгерістер немесе толықтырулар енгізу - 15.11.97 ж.

14. Жаңадан құрылған банктер Ұлттық Банкке осы Ережеде көрсетілген халықаралық стандарттардың талаптарына сай келетін бизнес-жоспар беруі тиіс.

Төраға